



Қалыбеков Б.Е.

**БАЛА ТІЛІНІҢ ДАМУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*В данной статье определяется роли
изучения детской речи и пути
исследования учебников начальных
классов лингвостатистическим
методом.*

*Given article determines the peculiarities
of studying children's speech and the ways
of researching of elementary classes by
linguistic-statistical method.*

Тілді, оның дамуы мен жеке адамның қалыптасуындағы рөлін зерттеу - адамның бүкіл таным қызметінің қалыптасуын қарастыруда ерекше маңызға ие болып отырған ғылымның басты мәселесіне айналды [2.35]. Ал танымдық қызмет баланың өзін көрмеген ортамен қарым-қатынас жасауы, яғни ұрпақтан-ұрпаққа бұрынғы-лардың тәлімі мен тәрбиесі, іс-тәжірибесінің берілуі процесінде қалыптасады. Балғын шақтан есейіп, ересектер қатарына өту барысында баланың психикалық дамуының негізгі бір формасы - өзара сөйлесу, пікірлесу арқылы өзгелердің іс-тәжірибесін бойына сіңіру болып табылады [2.36]. Жеке адамның қалыптасып, дамуындағы балалар тілінің ролін, олардың сөйлесу қызметін зерттеу ғылымның басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Заттар мен құбылыстарды және олардың арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды атау және түсіндіру барысында ересектер баланың өз бетінше қалыптасатын таным-түсіні-гінен гөрі күрделі әрі терең танымдық байланыстарды қалыптастырады.

Ырықсыз ес, ерікті әрекет пен қызығушылық секілді барлық жоғары психикалық процестер таным әрекетінің формалары ретінде өзара бірлікте іске асады да, содан кейін ғана бала тілі арқылы таным қызметінің психологиялық формасына көшеді. Алғашқы кездегі жоғары психологиялық қызмет екі адам арасындағы өзара бөліскен әрекетке келінкірейді, яғни, бір адам екіншісінің іс-әрекетін арнайы тітіркендіргіштер арқылы, әсіресе сөйлеу арқылы реттеп отырады.

Өз зерттеулерін ғылыми тұрғыда негіздей отырып, бала тілін зерттеуге алғаш ден қойған психологтар болды. 40 жылдары О.Моурер фонологиялық даму теориясының негізін қалаушы-лардың бірі болды.

Р.Якобсонның болжамы бойынша, балада алғашқы фонологиялық дағдылардың қалыптасуы алғашқы он-он екі айлық кезеңде басталады. Яғни, бұл бастапқы фонетика баланың өзін қоршаған ортаға, үлкендерге тән тілдің бастапқы бастапқы негізі болып табылады [3.312].

Кейбір теоретиктер (Р.Якобсон 1969; Б.Московиц 1971) баланың тілін туа бітті механизмнің, яғни сөйлеу қабілетінің дамуына немесе оның жан-жақты дамуының бір бөлшегі ретінде қарастырса, енді біреулері (Д.Ольмстед 1971; Д.Стэмп 1969) бала тілінің дамуын оның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына байланысты қалыптасатындығын дәлелдеуге тырысады. Б.Московицтің пікірінше, бала бірте-бірте айқында-ла түсетін дыбыстық бірліктерді айтуды үйрене



бастайды, яғни СГ, ГС немесе СГС формасындағы буындардан ол өз бетінше дыбыстық құрылымдар түзуге (сөздер құрастыруға) бейімделеді [3.312].

Әдетте балаларға өзіндік сөйлеу әрекеті тән. Кейбір идеалистік бағыттағы психологтардың (Д.Әлиасберг, Ә.Клапаред, К.Бюлер) пікірі бойынша, баланың сөйлеу әрекеті бірден пайда болады. Өз тіліндегі сөздік қорға қанағаттанбаған екі жасар бүлдіршін өзінше тілдесуге қажет сөздер ойлап табады. Ол сөздер тек өзінің айналасындағы азғана ортаға түсінікті болады [4.284].

Бұл теорияның тиынақсыздығы кезінде кеңестік психологтардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде (Ф.И.Фрадкина, Т.Е.Конникова, Г.Л.Розенгарт-Пупко) дәлелденген болатын. Бұлардың зерттеуінде баланың жаңа сөздерді үйрену, тілінің дамуындағы бірден-бір қажетті нәрсе - үлкендерге еліктеу, олардың айтқанын қайталауға ұмтылу екендігі айтылған.

Үлкендермен қарым-қатынас жасау баланың тілін тез дамытады. Оның түсінетін және айта білетін сөздік қорының дамуы үлкендермен және өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына байланысты. Ол үлкендерден көмек сұрауы, өз ойын жеткізгісі келуі т.б. мүмкін. Немесе үлкендердің сұрағына жауап берумен қатар, өзі де сұрақ қоя бастайды. Ол алғашқы *мынау не? мынау қалай аталады?* секілді сұрақтары арқылы үлкендердің өзіне назар аударуына жағдай туғызады. Әрбір сұрағына тиісті жауап алу арқылы бала әрбір заттың, нәрсенің өзіне тән атауы бар екендігін пайымдайды. 1 жыл 8 ай — 2 жастан кейін баланың сөздік қоры жедел дамиды. Егер 1,5 жастағы баланың сөздік қоры 18-25-тен аспаса, 3 жастан кейін ол 1000-1200 сөзге жетеді. Мұның ішінде сөздік қордың басым бөлігін зат есімдер (60%), етістіктер (25-27%), сын есімдер (10-12%) құрайды [4.284-285].

Н.А.Рыбников, Н.А.Менчинская, А.Н.Гвоздев секілді зерттеушілердің айтуы бойынша, 1 жыл 6 айдан 2 жыл 6 айға дейінгі жас кезеңінде баланың сөздік қорындағы зат есімдер саны 4 есе, етістіктер 8 есе, сын есімдер 5-6 есе өседі. Сонымен бірге жоғарыда аталған ғалымдар әрбір жас кезеңіндегі сөздік қордың қалыптасуындағы балалардың өзіндік ерекшеліктері мен сөздерді қабылдау және қолдану ерекшеліктеріне де баса назар аударады [4,285]. Ал баланың алғашқы грамматикалық формаларды, яғни сөйлемдегі сөздердің өзара байланысын меңгеруге бейімделуі жалпы динамикалық стереотиптің қалыптасу заңдылығы негізінде жүзеге асады. Әртүрлі заттар мен құбылыстар арасындағы түрліше қатынастарды білдіретін грамматикалық құрылымдар баланың бойында әңгімені тындау және қайталау барысында қалыптасады әрі жетіліп отырады. Сонымен қатар тілдің грамматикасын меңгеру баланың жалпы дамуымен де (ақыл-ой қызметінің кеңеюі, өз бетінше ізденістері) сабақтас дамиды. Сондықтан да түрліше әрекет жасау барысында баланың мазмұнды өмір сүріп, ой-өрісін дамытуы, үлкендермен тілдік қарым-қатынас жасауы оның тілінің дамуына ықпал етеді. Олардың сөздік қоры молайып, алғашқы грамматикалық формаларды меңгеруі жетіле түседі [4.286].

Соңғы жылдардағы көптеген зерттеулерге сүйенсек (Д.Мак Нейл 1970; Р.Меньюк 1969; М.Брейн 1971 т.б.), бала тілінің грамматикалық жағының дамуындағы олардың пікірлері бір бағытқа келіп саяды. Бала тілінің грамматикалық жағы үнемі өзгерісте болып отыратын динамикалық үрдіс. Бала тілінің грамматикалық жағынан дамып, жетіліп отыруы ересектердің тіліне қатысты болғанымен, оған тәуелді емес. В.Ядешконың айтуы бойынша, баланың сөздік қоры жинақталумен бірге, оларда белгілі бір қателіктер жүйесі де пайда болады. Сөздермен еркін қарым-қатынас жасау барысында бала өз бетімен сөйлем құрастыра бастайды. Олар сөйлемдегі бастауышты немесе баяндауышты тастап кетеді, жіктеу есімдіктерін 3 жақпен алмастырады. Әсіресе, олар сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелерді жиі тастап кетеді [5.61-62]. Сөйлеу қызметі өзара байланысты екі формада көрінеді: 1) пікірлесінің сөзін түсініп тындау, 2) өз сөзі. Бұл ретте өз сөзіне қарағанда пікірлесінің сөзін түсінуі жедел түрде дамиды. Дауыстап сөйлеу негізінде проблемалық жағдайлар туғызуға байланысты іштей сөйлеу қалыптасады [4.300].

А.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.А.Рубинштейннің зерттеулері көрсеткендей, баланың психикалық дамуында оның алдыңғы ұрпақта жинақталған қоғамдық тәжірибе негіздерін игеруі үлкен роль атқарады. Бұл процесс қоршаған ортамен өңгімелесу және олармен бірге әрекет жасау нәтижесінде іске асады. Баланың қоршаған ортамен байланысы оның үлкендермен қарым-қатынас жасауына қатысты болады. Сондықтан да "іс-әрекеттің субъектісі жеке бала ғана емес, үлкендермен бірге әрекет жасаушы, яғни олармен қарым-қатынастағы бала болып табылады" [6.9].

Анық дәлелденген нәрсе — өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ бала үйренуге қабілетті болып келеді. Бұған қоса, адам ересек кездегіге қарағанда жас кезінде тез қабылдайды.

Таным қызметінің қалыптасу процесін зерттеу барысында психологияға қатысты ойлау мен сөйлеудің қатысы, балалар ойлауының негізі - арнайы оқытудың бала ақыл-ойының даму бағытын анықтайтын жалпылаушы процесі қарастырылуы тиіс.



А.С.Выготскийдің пікірінше, баланың білім мазмұнының қалыптасу процесі оның мінез-құлқы және ақыл-ойы дамуының бағытына байланысты анықталатын таным әрекеті арқылы іске асады. Баланың қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынасы әсерінде қалыптасқан таным-түсінігі танымдық байланыстар жүйесін құрайды [7.28]. Демек, бала алғашқыда өзге адамдардың іс-әрекетін үйлестіруші, реттеуші қызметін атқара отырып, бірте-бірте өзінің де іс-әрекетін басқаруды үйренеді. Олай болса, ерікті іс-әрекеттің негізі тіл арқылы адамдардың өзара сөйлесуінде жатыр. Ал сөйлесу өз іс-әрекеттерін басқара білу механизмінің негізін құрайды.

Баланың сөйлей білуге деген алғашқы талпынысы - оның дамуының бастапқы кезіндегі басты нәрсе. Ол үлкендердің сөйлеген сөздерінен бірнеше мәрте қайталанатын белгілерді ептеп түсіне бастайды. Сөйтіп ол *бер, ма, кел* т.б. сөздерге түсінетін сияқты көрінеді. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек [2; 6-13], екі жастан бастап бала тілі күрт дамиды. Мектеп жасына келген бала, яғни 6-7 жасар бала 3,5-4 мыңға жуық сөз біледі екен. Демек, ол тілдің бүкіл фонологиялық жүйесін түсінеді. Олай болса, өз бетінше сөйлемдер құрастыра, өз ойын өзгеге түсіндіре, жеткізе алады [2.6-13].

Зерттеулер көрсеткендей [2.35-38; 6.9-12; 7.28; 8.20; 9.9], түске, үлкендікке, заттың жай-күйіне байланысты ерекшеліктерді жас баланың естіп қабылдауынан гөрі, сол заттарды көріп, қолмен ұстап барып, ажырата қабылдауы 10-12 есе тезірек іске асады да, бала жадында ұзақ сақталады.

Жалпылама "сөзге" қарағанда, балаға сол зат, белгі, құбылысты көрсету, оларды ажырата отырып көрсету арнайы үйретусіз-ақ тез қабылданады. Сөз жалпылама ұтым болғандықтан, бала тез арада өзі қабылдаған сөздерді белгілі бір топтарға бөле отырып меңгере бастайды (мысалы: биік, үшбұрыш, ащы т.б.). Баланың өз бетінше меңгеруі алғашқыда әрине, қателесусіз жүрмейді. Табиғаттағы зат пен құбылыс арасындағы байланысты білдіретін сөздер (кеңістік, сан т.б.) сезімдік қабылдауға негізделеді де, балаға көрінбейтін болғандықтан, ол нәрселер мен байланыстарды үлкендер түсіндіреді, яғни елестетеді [2; 6-8]. Бұларды түсінуге талпыну және тілде қолдану баланың ойлау қабілетін дамытады. Сол секілді үлкендердің сезімдік, эмоциялық күйін білдіретін сөздер де балаға түсінікті бола бастайды да, балада да эстетика, адамгершілік туралы алғашқы түсінік қалыптасады.

Балада алғашқы кезде өз шамасын байқап көру қасиеті үлкендермен, заттармен байланысқа түсу, яғни сөз арқылы жүзеге асады. Алғашқыда ол зат пен құбылыстың аттары арқылы, ал кейінірек жіктеу есімдіктері арқылы, содан соң өзін басқа балалармен салыстыру арқылы жақсы және жаман қасиеттерді ажырата бастайды [9-10]. Сөздік қорын дамыту арқылы бала ертегі, өлең тындауға, ән салуға, мәнерлі де мәнді сөйлесуге бейімделе бастайды.

Демек, баланың алғашқы даму сатысында оның физиологиялық және физикалық дамуы мен ойлау белсенділігі үлкендердің жүйелі тәрбиелік жұмыстарына байланысты болады. Өмірдегі құбылыстарды көру, есту арқылы бұл жаста бала психикасында үлкен өзгерістер байқалады. Ол өзін қоршаған әлемді тек байқаушы ғана емес, онда өзі әрекеттенуші де. Ол өмірде өзі көрген құбылыстарды, үлкендердің сөздері мен іс-әрекеттерін ойын арқылы ойнап, сол ойындарда қолдана бастайды.

Дұрыс ұйымдастырылған ойындарда балаларда жақсы дағдылар қалыптаса бастайды, яғни ойын - ойды дұрыс дамытады. Тек баланың ақыл-ой қызметін активтендіру және ұйымдастыру нәтижесінде ғана білімді меңгертуге болады. Н.А.Менчинскаяның пікірінше, "таным, танымның қалыптасуы өзара байланысты екі процестен тұрады: білімді игеру және оны қолдану" [8.20].

Баланың екінші сигналдық жүйесі ретіндегі сөйлеуі бірінші сигналдарға қарағанда жетекші орында болады, екінші сигналдар оған қызмет етеді. Ал сөздік қоры мен ойлау жүйесі нашар дамыған балалардың сөздік қоры, сөз байланыстары тек белгілі бір ғана бағытта болады да, әр түрлі жағдайдың өзгеруіне қарамай, олардың жауаптары бір жақты болады. Психикалық процестердің дамуындағы сөйлеудің (тілдің) ролі жайындағы келесі зерттеулер бұл саладағы зерттеулердің объектісіне жататын көптеген өзекті мәселелердің туындауына әкеледі [2.38].

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: балалар тілінің дамуы мен қалыптасуын зерттеу балалар психологиясы мен психолінгвистиканың проблемаларын шешуде ғана емес, сонымен қатар тілдің табиғаты жөніндегі аса маңызды теориялық мәселелерді талдау, зерттеу барысында да ерекше маңызды. Әсіресе, бұл зерттеулер балалар тілі онтогенезін, ол арқылы тілдің лексикалық, грамматикалық категорияларының филогенезін, оның фонологиялық жүйесін және мәтін тудыру механизмдерін танып-білуде аса маңызды рөл атқарады [9.9; 10.19-25].



Әдебиеттер:

1. Жұбанов А.Қ. Қазақ тілі статистикасы. - Алматы, 2005.3-208
1. Құсайынов А.Қ., Асыллов Ү.Ә. Оқулықтану өзекті мәселелері. - Алматы, 2000. 19-22 б.
2. Лурия А.Р. Современная психология // Сборник статей памяти А.Р. Лурии. М.: Изд-во Московского университета, 1982. 252 с.
3. Бутон Ш. Развитие речи // Психоллингвистика. - М.: Прогресс, 1984, С. 312-316.
4. Люблинская А.А. Детская психология. - М.: Просвещение, 1971, С. 284-300.
5. Ядешко В. И. Развитие речи от трех до пяти лет (о формировании предложений в речи детей). М.: Просвещение, 1966, 96 с.
6. Бауэр Т. Психическое развитие младенца. - М.: Прогресс, 1979. 319 с.
7. Выготский Л.С. Мышление и речь // Сбор. соч. в 6-ти томах. - М.: Педагогика, 1982, Т. 2.
8. Менчинская Н.А. Развитие психики ребенка // Дневник матери. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1957. 194 с.
9. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1961. 471 с.